КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 сәуір №4360-24-00-2/524 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Қ.М.Бержановтың төрағалық етуімен,
хатшылықта А.Қ.Жақыпбек болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жаңақорған кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«ATM CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Шарт бойынша шарттық міндеттемелерін толығымен орындауды міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Л.Сырбайқызы
талап қоюшының өкілі Н.Қуаныш, Е.Берістем,
жауапкердің өкілі А.Круглов, аудармашы М.Тогизбаева, А.Жорабек,
үшінші тұлға өкілі Д.Амиров

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылдың 10 қазанында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) №186 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарттар) жасаған.

Шарттың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 6 752 198 теңгеге Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті аумағында орналасқан қатты

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен(сеткамен) қоршау жұмыстарын орындауға міндеттенген.

Жұмыстарды орындау мерзімі-шарт заңды күшіне енген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде болып белгіленген.

Шарттың 9.1. тармағында шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 жылға дейін қолданылатыны бекітілген.

Шарт қазынашылық органында 12 қазан 2023 жылы тіркелген.

Тиісінше, шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 11 желтоқсан 2023 жылы аяқталған.

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамағанын, жауапкер жұмыстарды толығымен аяқтамағанын, жұмыстарды орындауды өрескел қателіктер жібергенін, жасаған жұмысында бекітілген жоба-сметалық құжаттардан ауытқушылықтар анықталғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 60 күнге 405131 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 15 ақпандағы оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен шешім шығарылып, жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылған. Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 405 131 (төрт жүз бес мың бір жүз отыз бір) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 14000 (он төрт мың) теңге өндірілген.

Соттың 2024 жылғы 4 наурыздағы ұйғарымымен 2024 жылғы 15 ақпандағы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қабылданған шешімінің күші жойылған және іс мәні бойынша қайта қарауға тағайындалған.

Азаматтық істі негізінен қарау барысында талап қоюшы өзінің талабын ұлғайтып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, 30 күнге 202 566 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді және шартта көрсетілген жұмыстарды толығымен орындауды міндеттеуді сұрады.

Жауапкер тарапы сотқа берген қарсы пікірінде жауапкер 27 желтоқсан 2023 жылы веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін жолдағанын, бірақтан талап қоюшы «қағаз акт ілмеген» деп актіні қабылдаудан бас тартқанын, бірақтан ондай негіздер заң талаптарында жоқ екенін, жауапкер шарт талаптарын орындағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері Н.Қуаныш және Е.Берістем талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, жауапкер шарт

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша жұмыстарды толық аяқтамағанын, жауапкердің жасаған жұмыстарының смета бойынша ауытқулар бар екенін, жауапкердің жасаған жұмыстары бойынша техникалық қадағалаушы мекеменің ескертпелері болғанын, атқарылған жұмыстар бойынша ақау актісі жасалып, ол актіде атқарылмаған жұмыстар көрсетілгенін, жасалған қоршау сметада көрсетілген аз көлемде жасалмағанын, тұғырлар кем орнатылғанын, сетка аз көлемде орнатылғанын, сондықтан орындау актісін қабылдаудан бас тартқанын, талап қоюды қанағаттандыруды сұрайтынын көрсеткен.

Жауапкердің өкілі А.Круглов өз түсінігінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарға техникалық қадағалаушы қажет емес екенін, шарт талаптарында қағаз жүзінде акт беру көзделмегенін, темір қоршауларды бояумен сырлау көзделмегенін, ақау актісі жауапкердің қатысуынсыз жасалғанын, жауапкер тарапы жұмыстарды толығымен орындады деп көрсетіп отырғанын, сот сараптамасын жүргізуді сұрайтынын, шартта қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен қоршау көзделгенін, жауапкер қатты қалдықтарды тастайтын орынды қоршағанын, талап қоюшыға келетін жағымсыз салдарлар жоқ екенін, тұрақсыздық айыпты өндіру туралы талап бойынша сотқа дейінгі тәртіп сақталмағанын, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Үшінші тұлға өкілі Д.Амиров өз түсінігінде жауапкер тарапы жұмысты сметаға сай толық аяқтамағанын, 70-80 пайызға жуық жұмыс аяқталғанын, сметада бояу көзделгенін, жауапкер қоршауды бояуға тиіс екенін, ақау актісінде жасалмаған жұмыстар көрсетілгенін көрсетті.

Прокурор Л.Сырбайқызы тұрақсыздық айыпты өндіру туралы талап қою қараусыз қалдыруға, шарт бойынша жұмыстарды міндеттеу туралы талап бөлігі қанағаттандырусыз қалдыруды, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Соттың 30 сәуір 2024 жылғы ұйғарымымен талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап бөлігі қараусыз қалдырылған.

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағында, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Сотта зерттелінген іс құжаттарына қарағанда жауапкер жалпы сомасы 6 752 198 теңгеге Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті аумағында орналақсан қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен(сеткамен) қоршау жұмыстарын орындауға міндеттенген.

Жасалатын жұмыстардың сипаты мен көлемі шарттың қосымшасында-сметалық құжаттамада нақты көрсетілген.

Жауапкер жұмыстарды толығымен аяқтап, орындадым деп 27 желтоқсан 2023 жылы орындалған жұмыстар актісін веб-портал арқылы жолдаған.

Талап қоюшы тарапы аталған актіні қабылдаудан бас тартқан.

Талап қоюшы өкілдері мен үшінші тұлға-шарт бойынша техникалық қадағалаушы «ATM CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілімен жасаған 26 сәуір 2024 жылғы ақау актісінде жауапкердің смета бойынша 125 метр қоршау кем жасалғаны, тұғырға кететін 283 метр труба кем жұмсалғаны, 50 тұғыр кем қойылғаны, 3,2 куб метр бетон құйылмағаны, 250 шаршы метр сетка орнатылмағаны,24 килограмм майлы бояу артық болғаны, 301 кг олифа бояу мүлдем пайдаланылмағаны, 124 кг темір сымның жартысы пайдаланылмағаны анықталған.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер тарапы шартта қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен(сеткамен) қоршау көзделгенін, сол қалдықтарды тастайтын орынды қоршағанын көрсеткен.

Сонымен қатар, жауапкер өкілі бірінші сот отырысында жұмыстарды толық аяқтағысы келетінін көрсетсе, кейін ол ұстанымынан бас тартып, жұмыстарды толық аяқтағанын, сот сараптамасын жүргізу туралы өтініш берді.

Сот талап қоюшы мен үшінші тұлға өкілдерімен жасалған ақау актісінде шарт бойынша жасалмаған жұмыстар толық көрсетілгенін ескеріп, сот сараптамасын жүргізу туралы жауапкердің өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдырды.

Сот отырысында анықталғанындай жауапкер 11 желтоқсан 2023 жылға дейін шарт бойынша жұмыстарды толық аяқтауға міндетті болса, толық аяқтамаған.

Тиісінше, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағандығы анықталады.

Жауапкер тарапының қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен(сеткамен) қоршағанын, сметада көрсетілген көлемде жасау міндетті емес деген тұжырымы сот негізсіз деп табады.

Жауапкер шарт талаптары бойынша сметалық құжатта көрсетілген көлемде қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен(сеткамен) қоршауға міндетті.

Жауапкер тарапы талап қоюшы ешқандай жағымсыз салдарлар келмегенін көрсеткен.

Сот жауапкердің бұл тұжырыммен келіспейді.

Талап қоюшы шарт талаптарына сай белгіленген көлемде қатты қалдықтарды тастайтын орынды темір қоршаумен қоршап алу тиіс болса, казіргі таңда ол жұмыстар толық орындалмаған. Бұл жағдай талап қоюшыға жағымсыз салдарлар туындатқан деп сот санайды.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін уақытылы және толық орындамауына кінәлі деп сот таниды.

Бұндай жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді деп сот санайды.

Талап қоюшы осы талап қоюымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 9 қаңтарда жүгінген.

№2 талап бойынша

Шарт талаптарына сай жауапкер жұмыстарды толығымен орындап, талап қоюшыға тапсыруға міндетті.

Казіргі таңда шарттың қолдану мерзімі аяқталған.

Жауапкер шарт бойынша жұмыстарды толығымен аяқтамаған.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сондықтан талап қоюшы тарапының шарт бойынша шарттық міндеттемелерін толығымен орындауды міндеттеуді талап етуі негізді деп сот санайды.

Сот талап қоюшының жауапкерге шарт бойынша шарттық міндеттемелерін толығымен орындауды міндеттеу талаптары бойынша жұмыстарды толығымен орындап, жұмыстарды пайдалануға тапсыру міндеттеу туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп сот санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 3692 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жаңақорған кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты толығымен орындауды міндеттеу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2023 жылғы 10 қазандағы №186 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптары бойынша жұмыстарды толығымен орындап, жұмыстарды пайдалануға тапсыру міндеттелсін.

Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 3692(үш мың алты жүз тоқөсан екі) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Бержанов К. М., 04.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»